

«Жетісу облысы білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Айкүн» балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Балабақшада кеңес беру пунктінің жұмысы.

1. Жалпы ереже

1.1. Консультациялық бөлім (одан әрі КБ) «Жетісу облысы білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Айкүн» балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

«Білім туралы» Заңына сай 2 жастан 6 жасқа дейінгі мектепке дейінгі ұйымға бармайтын бала ата - аналарына консультациялық көмек береді.

1.3. Ата-аналардың сұранысы бойынша отбасымен жұмысты МДҰ әдіскері тікелей байланыста жүргізеді.

2. Консультациялық бөлім қызметін ұйымдастыру

2.1. КБ мақсаты 2 жастан 6 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беруде отбасы мен балабақшаның бірлескен байланысын нығайту және әдістемелік көмек көрсету қызметін ұсыну болып табылады.

2.2. Консультациялық бөлімнің негізгі міндеттері

2.2.1. Балабақшаға келген баланың табысты бейімделуін қамтамасыз ететін, мектепке дейінгі оқытумен қамтылмаған 2 жастан 6 жасқа дейінгі бала ата-аналарына (занды өкілдеріне) жан-жақты көмек көрсету.

2.2.2. 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда түрлі сұрақтар бойынша ата - аналарына (занды өкілдеріне) консультациялық көмек көрсету.

2.2.3. Тіл ақауы бар балаларды әлеуметтендіруде ата - аналарға жәрдем беру.

3. КБ қызметінің мазмұны.

3.1. Ата-аналарға (занды өкілдеріне) психолого-педагогикалық көмекті ұйымдастыру, мамандар қызметін біріктіру негізінде құрылады: әдіскер, медициналық қызметкер, педогог-психолог, музыка жетекшісі, тәрбиешілер.

3.2. 3 жастан 6 жасқа дейінгі тіл ақауы бар баланы тәрбиелейтін ата-аналармен (занды өкілдерімен) КБ жұмысы балабақша сайтында сандық форматта жүргізіледі.

3.3. Ата-аналар (занды өкілдері) үшін оқыту сауалдары бойынша сауаттылығын жетілдіру және педагогикалық және түзеу білімі саласындағы түсініктерін кеңейту үшін семинар (вебинар, консультация, ұсыныстар) өткізу.

4. Консультациялық бөлімді басқару және басшылық

4.1. КБ бекітілген жоспарға сай жұмыс істейді.

4.2. КБ қызметін ұйымдастыруды бақылау және басшылық осы Ережеге сай жүзеге асырылады 4.3. Консультациялық көмек жыл бойы тегін көрсетіледі.

4.4. КБ жұмысын жалпы басқаруды мектепке дейінгі ұйым әдіскері жүргізеді, соның ішінде:

-Жұмыс жоспарына сай КБ жұмысымен қамтамасыз етеді;

-КБ жылдық жұмыс жоспарын жасап және оның орындалуын қамтамасыз етеді.

4.5 КБ ұсынатын, қызметтер:

-Ата- аналарды (заңды өкілдерін отбасының барлық мүшелерін жан-жақты бала тәрбиесінде ортақ талап қою мақсатында, ата- аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ата- аналарды ақпараттандыру: консультация беру (психологиялық, түзеу, педагогикалық) ,ата- аналарды бала дамуының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері, тәрбиелік әсердің негізгі бағыттары, дағдарыс жағдайларының алдын алу туралы ақпараттандыру.

5. Консультациялық бөлім құжаттамасы.

5.1. Консультациялық бөлім қызметін қамтамасыз ету үшін келесі құжаттамалар жүргізіледі:

-МДҰ бармайтын бала ата- аналары (заңдыөкілдері) үшін КБ туралы Ереже;

-Консультациялық бөлімнің ашылуы туралы бұйрық;

-Консультациялық бөлімнің жұмыс жоспары.

6.Қорытынды ереже.

6.1. Осы Ереже МДҰ басшысы бұйрығы шыққан күннен әрекетке түседі

6.2. Ереженің әрекет мерзімі шектеусіз.

Осы Ереже жаңасы қабылданғанға дейін әрекет етеді.